

Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 9 қарашадағы N 294-І Заңы

Алматыда 1998 жылғы 9 сәуірде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы

Конвенция

ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 6, 62-құжат. 1999 жылғы 29 қазанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж., Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 86 бет

Қазақстан республикасы мен Чех Республикасы табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасау ниетімен, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де, Уағдаласушы Мемлекеттердің резиденті болып табылатын тұлғаларына қолданылады.

2-бап Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция, салық алу тәсілдеріне тәуелсіз, Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе оның әкімшілік-аумақтық бөліктерінің немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атынан енгізілген табысқа және капиталға салынатын салықтарға қ о л д а н ы л а д ы .

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктен түсетін табысқа салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін жалақылар немесе ырзықақылардың жалпы сомаларына салынатын салықтарды қосқанда табыстың жалпы сомасына, капиталдың қосындысына немесе табысты немесе капиталды құрайтын енгізілген барлық салықтар, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтар табыс пен капиталға салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Конвенция қолданылатын салықтар ішінара мыналар болып табылады:

а) Қазақстан Республикасында:

(i) корпоративтік табыс салығы;

(ii) жеке табыс салығы;

(iii) заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
(бұдан әрі «Қазақстан салығы» деп аталатындар);

б) Чех Республикасында:

(i) жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық;

(ii) заңды тұлғалардың табыстарына салынатын салық;

(iii) жылжымайтын мүлікке салынатын салық (бұдан әрі "Чех салығы" деп аталатындар).

4. Конвенция, сондай-ақ осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша ретінде немесе олардың орнына енгізілетін кез келген бірдей немесе іс жүзінде ұқсас салықтарға қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары олардың салық заңдарына енгізілген барлық елеулі өзгерістер туралы бір-біріне хабарлап отырады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

3-бап Жалпы айқындамалар

1. Егер контексте өзгеше мағына қаралмаса, осы Конвенцияның мақсаты үшін:

а) мыналар:

(i) «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада пайдаланған кезде «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің заңнамасына және өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақтарды қамтиды;

(ii) «Чех Республикасы» термині өзіне қатысты чех заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес Чех Республикасының егемендік құқықтары жүзеге асырылатын Чех Республикасының аумағын білдіреді;

б) "бір Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контекстке байланысты Қазақстанды немесе Бельгияны білдіреді;

с) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез-келген басқа

бірлестігін

қамтиды;

d) "компания" термині кез-келген субъект құқығы бар ұйымды немесе салық салу мақсаты үшін субъект құқығы бар деп саналатын кез-келген дербес құқықтық ұйымды білдіреді;

e) "Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорыны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорыны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жүзеге асыратын кәсіпорынды және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жүзеге асыратын кәсіпорынды білдіреді;

f) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің азаматтығын алған кез-келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің қолданылып жүрген заңдарының негізінде өз мәртебелері бар кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе ассоциацияны білдіреді;

g) «халықаралық тасымал» термині теңіз немесе әуе кемесі тек екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен жасалатын кез келген тасымалды білдіреді;

h) "құзыретті орган" термині:

(i) Қазақстан жағдайында - Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін;

(ii) Чех Республикасы жағдайында - Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін білдіреді;

(i) "капитал" термині жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті білдіреді және акцияларды немесе меншік құқығын растайтын басқа да құжаттарды, векселдерді, облигацияларды немесе қарыздар туралы басқа да куәліктерді және патенттерді, тауар белгілерін, авторлық құқықтарды немесе басқа да ұқсас құқықтарды немесе мүліктерді қамтиды (бірақ олармен шектелмейді).

2. Уағдаласушы Мемлекеттің бірі кез келген уақыт кезеңінде осы Конвенцияны қолданған кезде онда айқындалмаған кез-келген термин, егер түпнұсқа өзгедей қарастырылмаса, Конвенция қолданылатын салықтарға байланысты мақсаттар үшін оның қазіргі уақыттағы мағынасы осы Мемлекеттің заңына сәйкес, бұл орайда осы мемлекеттің салық заңдарында қолданылуына сәйкес кез келген мағына осы Мемлекеттің басқа да заңдарына сәйкес терминге берілетін мағынаға ие болады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті» термині осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша өзінің тұрғылықты жері, резиденттігі, тіркелген немесе инкорпорация жері, тиімді басқару орны немесе осыған ұқсас сипаттағы кез келген басқа критерий негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті және кез келген әкімшілік-аумақтық бөлімшені немесе жергілікті билік органын қамтиды. Алайда, бұл термин осы Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа немесе онда орналасқан капиталға қатысты ғана осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Егер 1-тармақтың ережелерінің негізінде жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, мұндай жағдайда оның мәртебесі б ы л а й ш а а й қ ы н д а л а д ы :

a) оның қарамағында өзіне тиесілі тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Мемлекеттердің екеуінде де оның қарамағында өзге тиесілі тұрақты баспанасы болса, оның жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) біршама тығыз болып табылатын Мемлекеттің резиденті б о л ы п е с е п т е л е д і ;

b) егер оның өзінің ортақ өмірлік мүдделері бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Мемлекеттердің бірде біреуінде оның қарамағында тұрақты үй-жайы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

c) егер, оның әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұрып жатса немесе олардың біреуінде тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып е с е п т е л е д і ;

d) егер резиденті мәртебесі a) - c) - тармақшаларына сәйкесайқындалуы мүмкін болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісе о т ы р ы п ш е ш е д і .

3. Егер 1-тармақтың ережелерінің негізінде, жеке тұлғадан өзгетұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда ол өзінің нақты басқару орны тұрған Мемлекеттің резиденті болып саналады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині сол арқылы кәсіпорынның қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет о р н ы н б і л д і р е д і .

2. "Тұрақты мекеме" термині ішінара мыналарды:

а) басқару орнын;

б) бөлімшені;

с) кеңсені;

д) фабриканы;

е) шеберхананы; және

ф) табиғи ресурстарды өндіретін немесе барлайтын кез келген орынды қамтиды.

3. "Тұрақты мекеме" термині сондай-ақ, мыналарды қамтиды:

а) құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру объектісін немесе осыған байланысты байқау қызметін, бірақ егер мұндай алаң, объект немесе қызмет он екі айдан асатын кезең ішінде бар болса;

б) қызметкерлер немесе осындай мақсаттар үшін қабылданған басқа қызмет мүшелері арқылы бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнымен консультациялық немесе басқару қызметтерін қоса, қызмет көрсетулерді, бірақ тек егер мұндай сипаттағы қызметтер (осы үшін немесе соған байланысты жоба бойынша) ел шегінде 12 айдан астам уақытқа созылса.

Осы тармақта көрсетілген уақытша шектеулерді айқындау мақсаттары үшін Конвенцияның 9-бабына сәйкес екінші кәсіпорынмен қауымдасқан кәсіпорын жүзеге асыратын қызмет, егер қызмет мынадай шарттарға сәйкес келсе:

а) мәні жағынан соңғы аталған кәсіпорын жүзеге асыратын қызметке ұқсас болса, және

б) бірлесіп жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда, бір немесе байланысты жобалар шеңберінде жүзеге асырылатын болса, ол қауымдасатын кәсіпорын жүзеге асыратын қызмет ретінде қаралады.

4. Осы Баптың мұның алдындағы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині мыналарды:

а) ғимараттарды кәсіпорындарға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорларын тек сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын басқа кәсіпорынның өңдеу мақсаты үшін ғана ұстауды;

д) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу немесе ақпарат жинау мақсаттары үшін ғана ұстауды;

е) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе қосалқы сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана пайдалануды;

ф) тұрақты қызмет орнының мұндай қоса жүргізу нәтижесінде пайда болатын жиынтық қызметі а)-дан е)-ге дейінгі тармақшаларда айтылғанындай жағдайда тұрақты қызмет орнын тек қызмет түрлерін қоса жүргізу үшін ғана ұстауды қамтымайтын

б о л ы п

е с е п т е л е д і .

5. 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер төменде келтірілген 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар сенімді агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан шарт жасасу бойынша өкілеттігі болса және әдетте, оны іске асырып жүрсе, егер мұндай тұлғаның қызметі 4-тармақтың ережелерінде айтылғанындай қызмет түрлерімен шектелмесе және егер олар тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылса, осы тармақтың ережелеріне сәйкес осы тұрақты қызмет орнын тұрақты мекемеге айналдырмаса, онда бұл кәсіпорын осы кез келген қызмет түрлеріне қатысты осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп қарастырылады.

6. Кәсіпорын осы Мемлекетте делдал, бас агент-комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген өзге сенімді тұлға арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін ғана, мұндай адамдар өздерінің әдеттегі міндетін атқару кезінде әрекет еткен жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қаралмайды. Алайда, мұндай агенттің қызметі осындай кәсіпорынның атынан толық немесе толық дерлік орындалса және осындай кәсіпорын мен агенттің арасында олардың коммерциялық және қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз кәсіпорындар арасында орнатылуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса, онда ол осы тармақтың ұғымында тәуелсіз мәртебесі бар агент деп есептелмейді.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте осы қызметпен айналысатын (тұрақты мекеме арқылы немесе өзге жолмен) компанияны бақылауы немесе соның бақылауында болуы осы компаниялардың бірін өз бетінше екіншісінің тұрақты мекемесі екенін білдіре алмайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен (ауыл шаруашылығы немесе орман шаруашылығы жұмыстарынан түскен табысты қосқанда) алған табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Кез келген жағдайда термин жылжымайтын мүлік жөніндегі көмекші мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен құрал-жабдықтарды, жер меншігі жөніндегі жалпы құқықтық ережелері қолданылатын

құқықтарды, жылжымайтын мүліктен түсетін табысты, минералдық заттарды, кен көздерін және басқа да табиғи ресурстарды игеру үшін өтемақы ретінде берілетін ауыспалы немесе кесімді төлемдерді алу құқығын немесе соларды игеру құқығын камтиды; теңіз, өзен және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды .

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табыстарға қ о л д а н ы л а д ы .

4. 1 және 2-тармақтардың ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүліктен алған және тәуелсіз жеке қызмет көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен түскен табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыс

1. Егер кәсіпорын басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан соңғы тұрақты мекеме арқылы онда қандай да бір қызметін жүзеге асырса немесе жүзеге асырмаған болса, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана с а л ы қ с а л ы н а д ы .

Егер кәсіпорын, жоғарыда айтылғандай, осы қызметін жүзеге асырса немесе жүзеге асырмаған болса, кәсіпорынның пайдасына, басқа Мемлекетте, бірақ тек қана м ы н а л а р ғ а ж а т қ ы з ы л а т ы н ш е к т е :

а) о с ы н д а й т ұ р а қ т ы м е к е м е г е ;
б) тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға сәйкес бірдей немесе ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды осы басқа Мемлекетте сатуға қатысты с а л ы қ с а л ы н н у ы м ү м к і н .

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметін сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы осы қызметін жүзеге асыратын болса немесе жүзеге асырса, онда мұндай жағдайда, егер олар өз осындай немесе ұқсас қызметпен айналысатын және толық тәуелсіз әрекет ететін жеке және дербес кәсіпорын болғанда өзі тұрақты мекемесі болып отырған толық тәуелсіз жұмыс істегенде ала алатын пайдасы әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде, тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе одан тыс жерде жұмсалғанына қарамастан, осылайша атқарушылық және жалпы басқару шығындарын қосқанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды игеруге жол беріледі.

Алайда, патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін тұрақты мекеме

кәсіпорынның бас офисіне немесе кез келген оның өзге ұқсас офисіне роялти, қаламақы немесе өзге ұқсас төлемдер жолымен немесе нақты қызмет көрсеткені үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық төлем жасау жолымен немесе банктік кәсіпорындары жағдайын қоспағанда, тұрақты мекеменің ақша қаражаты заемына проценттер төлеу жолымен төленген, егер мұндайлар бар болса (нақты шығыстарды өтеу үшін өзге тәртіпте) сомаларға қатысты мұндай шегерімдерге рұқсат етілмейді. Осыған ұқсас, тұрақты мекеме кәсіпорынның бас офисінен немесе оның кез келген басқа бөлімшелерінен патенттерді немесе басқа да құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, гонорарлар және осыған ұқсас төлемдер түрінде, ерекше қызмет көрсеткені немесе басқарғаны үшін комиссиялық төлемдер түрінде немесе банк кәсіпорындарын қоспағанда, кәсіпорынның бас офисіне немесе оның кез келген басқа бөлімшесіне берілген ақшалай қарызға қатысты борыштық талаптардан кіріс түрінде алған сомалар (жұмсалған шығыстар өтемақысынан өзге) тұрақты мекеменің пайдасына қосылмауға т и і с .

4. Уағдаласушы Мемлекеттің әдеттегі қабылданған тәжірибесіндегідей мөлшерде оның түрлі бөліктері бойынша кәсіпорын табыстарының жалпы сомасын әр бапқа бөлу негізінде тұрақты мекемеге жатқызуға жататын пайда сомасын айқындауға 2-тармақ ережелерінің бірде-бірі осы Уағдаласушы Мемлекетке әдеттегі тәжірибеде қолданылуы мүмкін, осындай бөлу жолымен салық салуға жататын пайданы айқындауға кедергі келтірмейді; алайда, нәтижелер осы Бапта айтылған принциптермен сәйкес болуы үшін бөлудің осындай әдісін қолдануға тура келеді.

5. Осы тұрақты мекемеге тауарларды немесе кәсіпорындар үшін бұйымдарды ғана сатып алу негізінде тұрақты мекемеге түскен ешқандай пайда қосып есептелмейді.

6. Мұның алдындағы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жатқызылатын пайда, егер өзгедей жағдайлар үшін бұлтартпас және жеткілікті себептер болмаса, жылма-жыл бірдей әдіспен айқындалады.

7. Егер пайда осы Конвенцияның басқа Баптарында бөлек айтылған табыс түрлерін немесе капитал құнының өсімінен алынатын табысты қамтыса, онда бұл Баптардың ережелері осы Баптың ережелерін қозғамайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

8-бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті халықаралық тасымалда теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланудан алған пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық с а л ы н а д ы .

2. 1-тармақтың ережелері, сондай-ақ пұлға, бірлескен кәсіпорынға немесе көлік

құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудағы пайдаға қолданылады.

9-бап

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1. Мынадай жағдайларда :

а) бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорыны басқаруға, бақылауға немесе капиталға тікелей немесе жанама түрде қатысса , немесе

б) бір ғана тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны мен басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса ,

және әрбір жағдайда екі кәсіпорын арасындағы коммерциялық және қаржы қатынастарында тәуелсіз кәсіпорындар арасында жасалуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда-егер соңғы шарттар бойынша олардың біреуіне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың болуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына енгізілуі және тиісінше салық салынуы мүмкін .

2. Егер Уағдаласушы мемлекет осы Мемлекеттің кәсіпорынының пайдасына енгізіліп, тиісінше салық салатын жағдайда басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны осы басқа Мемлекетте салық төлейтін пайда және осындай жолмен енгізілген пайда, егер екі кәсіпорынның арасында жасалған жағдайлар тәуелсіз кәсіпорындар арасында орын алып отырған жағдайлардай болса, алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорынына есептелуі мүмкін пайда болып табылады, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзету жасауға тиіс. Осындай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері қарастырылуға тиіс, ал Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады .

3. 2-тармақтың ережелері алдау, салақтық немесе міндеттерді қасақана орындамаған жағдайларда қолданылмайды.

10-бап

Дивидендтер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа

Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған сол Уағдаласушы Мемлекетте осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайды.

Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осындай шектеулердің тәсілдері туралы мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

Дивидендтер төленетін пайдасына байланысты компанияға салық салуға бұл тармақтың қатысы жоқ.

3. «Дивидендтер» термині осы бапта пайдаланылған кезде акциялардан немесе борыштық талаптар болып табылмайтын басқа да құқықтардан, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ төлемдерді жүргізетін компания резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан түсетін табыс сияқты осындай салық салуға жататын басқа да табыстарды білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің нақты иесі дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және дивидендтер төленіп тұратын холдинг осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға жатады. Мұндай жағдайда, ретіне қарай 7 немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып отырған компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алса, егер мұндай дивидендтер осы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін акция пакеттері нақтылы осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға жатса, компания төлейтін дивидендтерге осы басқа Мемлекет салық сала алмайды, тіпті, егер дивидендтер төленіп жатса да немесе бөлінбеген табыс толық немесе толық емес осы басқа Мемлекетте алынған табыстан құралса да, компанияның бөлінбеген табысына бөлінбеген табысқа салынатын салық салығын салмау керек.

6. Осы Конвенция ережелерінің ешқайсысы да Уағдаласушы Мемлекетке осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне жататын компанияның пайдасына осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып отырған компанияның пайдасына есептелген салыққа, егер, осылай есептелген кез келген қосымша салық бұрынғы салық салынатын жылдары мұндай қосымша салық салынбаған мұндай табыс сомасының 5 процентінен аспаса қосымша салық салуға бөгет ретінде түсінілмейді. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте өндіріп алынатын осы тармақта айтылған қосымша салықтан өзгеше барлық салықтардың сомаларынан

11-бап

Проценттер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте есептелетін және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге олар есептелетін Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер проценттер алушы және нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша есептелетін салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және оның іс жүзіндегі иесі болып табылатын екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыз, егер ол:

а) екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне, әкімшілік-аумақтық бөлімшеге немесе жергілікті билік органына, екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Орталық (Ұлттық) банкіне немесе, егер қаржы ұйымын құрудың мақсаты экспортты қолдау болып табылса, екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне толығымен тиесілі қаржы ұйымына төленсе; немесе

б) екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі, әкімшілік-аумақтық бөлімше немесе жергілікті билік органы, екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Орталық (Ұлттық) банкі немесе егер қаржы ұйымын құрудың мақсаты экспортты қолдау болып табылса, екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне толығымен тиесілі қаржы ұйымы кепілдік берген қарызбен немесе кредитпен байланысты болса, пайыз пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте салықтан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы Бапта пайдаланғанда олар борышкердің пайдасына қатысуға құқық беретін немесе бермейтін, кепілдікпен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген қандай да болсын борыштық талаптардан алынатын табысты және атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша сыйақыларды және ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Пайыздар» термині осы Конвенцияның 10-бабы 3-тармағының ережелеріне сәйкес дивидендтер ретінде қаралатын кез келген табысты қамтымайды.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің нақты иесі проценттер туындайтын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы осында кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа

Мемлекетте сонда орналасқан соңғы тұрақты базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленетін борыштық талап осындай тұрақты проценттерге қатысты борыш міндеттемесі нақтылы осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен нақты байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

6. Егер процент төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда проценттер Уағдаласушы Мемлекетте туындаған деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па, осыған қарамастан, мұндай проценттерді төлеу жөнінде шығыстар туындаған борыштарға байланысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай проценттерді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай жағдайларда проценттер тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте есептелген бо л ы п е с е п т е л е д і .

7. Егер проценттерді төлеуші мен нақты иесі арасындағы немесе екеуі мен қандай да бір үшінші жақ арасындағы арнайы қатынастардың себебінен борыштық талапқа жататын және соның негізінде төленетін проценттердің жалпы мөлшері осындай қатынастар болмағанда, процент төлеуші мен нақты иесі арасында келісе алатындай сомадан асса, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда, осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес төлемнің артық бөлігі салық салуға жатады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ олар есептелетін Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынады, бірақ егер роялти алушы және оның нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары осындай шектеулерді қолданылу туралы мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. "Роялти" термині осы Бапта пайдаланғанда бағдарламалық құралдарды, кинематографиялық фильмдерді немесе теле- немесе радио хабарларын таратуға арналған магниттік таспаларды, кез-келген патентті, сауда маркасын, дизайн немесе үлгіні, жоспарды, құпия теңдеуді немесе процесті немесе өнеркәсіпке, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпаратты және өнеркәсіп, коммерциялық немесе

ғылыми жабдық алу құқықтарын пайдалану немесе ұсынудағы төлемдерді қосқанда, әдебиет, өнер немесе ғылыми шығармаларға берілетін авторлық құқықтың кез келгенін пайдаланғанына немесе ұсынғанына сыйақы ретінде алынатын кез келген төлем түрін білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти туындаған басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өздеріне қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти сомасы осы Уағдаласушы Мемлекетте туындайды деп есептелінеді. Алайда, егер роялти төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болу, болмауына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болып және өздеріне қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде солармен байланысты болса және бұл роялтилер осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте есептелген болып есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші және оның нақты иесі немесе екеуі мен қандай да бір басқа жақ арасындағы айрықша қатынастардың әсерінен, құқықты немесе ақпаратты пайдалануға жататын солардың негізінде төленетін роялтидің сомасы мұндай қатынастар болмағанда, роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісе алатындай сомадан асса, онда осы Баптың ережелері тек соңғы көрсетілген сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда, осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес проценттер есептелетін, төлемнің артық бөлігі әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңына сәйкес салық салуға жатады.

13-бап

Мүлік құнының өсуінен түсетін табыс

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің 6-бапта айқындалғандай және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алған табыстарына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің өз құнының 50 пайызынан астамын екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын компаниядағы акцияларын, оған қатысу үлестерін иелігінен айырудан немесе басқа да құқықтарынан айырудан алған құн өсіміне осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе осындай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынды тұтас алғанда) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынатын осындай табыстарды қоса алғанда, тәуелсіз жеке қызмет көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі резиденті пайдалана алатын тұрақты базасына қатысты жылжымалы мүліктен алынатын табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін шеттетуден немесе осындай әуе немесе теңіз кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүліктен алған табыстарға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салуға жатады.

5. Өткен тармақтарда айтылған басқа кез келген мүлікті шеттетуден алынатын табыстарға осындай мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

14-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер көрсетулер

1. Кәсіптік қызмет көрсетуге немесе тәуелсіз сипаттағы қызметке қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің резидентімен алынған табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін, осындай табысқа басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын болған жағдайдан басқа жағдайларда:

а) егер ол өзіне жүктелген осы қызметті жүзеге асыру мақсаты үшін басқа Уағдаласушы Мемлекетте оның тұрақты қарамағындағы тұрақты базасы болса; мұндай жағдайда табыстың осы тұрақты базаға қатысты бөлігіне осы басқа Мемлекетте салық салынуға жатады; немесе

б) егер оның басқа Мемлекетке келу ұзақтығы он екі ай уақыттың кез-келген аралығы шегінде, жиынтығы 183 күннен асатын мерзімді немесе мерзімдерді құрайтын болса; мұндай жағдайда осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте осы қызметті жүзеге асыру барысында алынған табыстың бөлігіне ғана осы басқа уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1 б)-тармағында айтылатын күндерді есептеген кезде мынадай күндер есепке алынады:

а) келген және кеткен күндерді қоса алғанда, барлық қатысқан күндер, және

б) осы Мемлекеттің аумағында бұл қызмет аяқтағаннан кейін қайта жалғастырылған осы Мемлекетте алушының қызметін жүзеге асыруға тікелей

байланысты демалыс (сенбі және жексенбі), ұлттық мейрамдар, еңбек демалысы және жұмыс сапарлары сияқты Мемлекеттен тыс - қызмет орындарында өткізілген күндер.

3. Осы қызметтен түскен пайда сомасын айқындау үшін және олардың тұрақты мекемеге қатысы 7-Бапта айтылатын принциптерге, ұқсас принциптерге сәйкес тұрақты базаға қатысты табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. "Кәсіби қызметтер көрсету" термині ішінара тәуелсіз ғылыми, әдеби, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін білдіреді.

15-бап

Өз бетінше жүргізілмейтін тұрмыстық қызметтер көрсету

1. 16,18 және 19-баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдау бойынша жұмысқа байланысты алған жалақыға және басқа да ұқсас сыйақы түрлеріне, егер тек осындай жалдау бойынша жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, тек осы Мемлекетте ғана салық салуға жатады. Егер жалдау бойынша жұмыс осылайша орындалған болса, сол жақтан алынған сыйақыға осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1-тармақтың ережелеріне тәуелсіз, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалдау бойынша жұмысқа байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға, егер мынадай шарттар сақталса:

а) сыйақы алушы жалдау бойынша кез келген он екі ай уақыт кезегінде жалпы ұзақтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы басқа Мемлекетте жұмыс жасаған жағдайда, және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы немесе жалдаушының атынан төлесе, және

с) сыйақыны басқа Мемлекетте жалдаушы иеленетін тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе тек алғашқы аталған Мемлекетте ғана салық салуға жатады.

3. 1 б)-тармағында айтылатын күндерді есептеген кезде мынадай күндер есепке алынады:

а) келген және кеткен күндерді қоса алғанда, барлық қатысқан күндер, және

б) осы Мемлекеттің аумағында бұл қызмет аяқталғаннан кейін қайта жалғастырылған осы Мемлекетте алушының қызметін жүзеге асыруға тікелей байланысты демалыс (сенбі және жексенбі), ұлттық мейрамдар, еңбек демалысы және жұмыс сапарлары сияқты Мемлекеттен тыс - қызмет орындарында өткізілген күндер.

4. 2-тармақта айтылған "жұмыс беруші" термині жұмыс жүргізуге құқығы бар және осы жұмыстарды орындауға байланысты жауап беретін және тәуекел ететін тұлғаны

б е р е д і .

5. Осы Баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан халықаралық тасымал кезінде пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерінің бортында орындалатын жалдау бойынша жұмысқа қатысты алынған сыйақыға теңіз немесе әуе кемесін пайдаланылатын кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап

Директорлардың сыйақылары

Директорлардың сыйақылары мен басқа ұқсас Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын директорлар Кеңесінің мүшесі немесе осыған ұқсас компанияның органы ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған төлемдеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Артистер және спортшылар

1. 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің театр, кино, радио немесе теледидар артисі сияқты өнер қайраткері немесе музыка қайраткері ретінде немесе спортшы ретінде өз қызметін басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырудан алған табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қайраткерінің немесе спортшының орындаған жеке қызметіне қатысты қызметінен алынған табысы осындай жолмен өнер қайраткеріне немесе спортшыға емес, басқа адамға тисе, онда 7, 14 және 15-Баптардың ережелеріне қарамастан осы табысқа мәдениет қызметкерінің немесе өнер қайраткерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

Зейнетақылар және басқа да төлемдер

1. 19-баптың 2-тармағының жиынтығында Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрын жүзеге асырған жұмысына төленетін зейнетақылар мен басқа да осындай сыйақыларға және мұндай резидентке төленетін аннуитеттердің кез келген аннуитетке тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. "Аннуитет" термині осындай төлемдерді ақшаға бара-бар және толық сыйақылардың орнына немесе ақшалай түрінде төлеу міндеттемесін жеке адамға оның бүкіл өмір бойында белгіленген немесе уақыттың бір айқындалған немесе белгіленген мезгіл кезеңінде төленетін белгіленген қаражат мөлшерін білдіреді.

3. Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін алименттерге және басқа осыған ұқсас төлемдерге (балаларды күтуге берілетін төлемдерді қосқанда) тек осы бас Мемлекетте салық салынады.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті өкімет органы кез келген жеке тұлғаға осы Мемлекетке немесе әкімшілік бөлімшесіне немесе жергілікті өкімет органына көрсетілген қызметіне байланысты төленетін ырыздыққа, еңбекақыға және зейнетақыдан өзгеше басқа да ұқсас сыйақыларға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда, егер қызмет осы Мемлекетте жүргізілсе және жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті болса мұндай ырыздыққа, жалақыға және басқа да соған ұқсас сыйақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салуға жатады, егер:

(i) осы Мемлекеттің азаматы болса; немесе

(ii) қызметтерді жүзеге асыру мақсатымен ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаған болса.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органдарынан немесе олар құрған қорлардан осы Мемлекетке немесе оның бөлімшелері немесе жергілікті өкімет органы үшін жүзеге асыратын қызметіне жеке тұлғаға төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте салық салуға жатады.

б) Алайда, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болса, мұндай зейнетақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салуға жатады.

3. 15, 16 және 18-баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы кәсіпкерлік қызметке байланысты жүзеге асырылатын қызметке қатысты ырыздықтарға, жалақыларға және басқа да ұқсас сыйақыларға және зейнетақыларға қолданылады.

20-бап

Студенттер

1. Төмендегі төлемдер бірінші аталған Мемлекеттен тысқары жерлердегі көздерден туындаған жағдайда тікелей Уағдаласушы Мемлекетке келгенге дейін басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын және болған және бірінші аталған Мемлекетте оқу немесе білім алу мақсатымен ғана жүрген студент немесе кәсіби білім алудан өтіп жатқан тұлға тұру және білім алу мақсаттарына арналған төлемдерге осы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген гранттарға, стипендияларға және осыған ұқсас сыйақылар мен жалданба жұмыстан алынатын сыйақыларға қатысты осы баптың 1-тармағында аталған тұлғаның осындай білім алу, тағылымдамадан өту кезінде өзі болатын Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне берілетін салықтарға қатысты дәл сондай жеңілдіктерге, жеңілдетулерге немесе шегерімдерге құқығы бар.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

21-бап

Басқа табыстар

1. Қайда туындағанына тәуелсіз осы Конвенцияның бұдан бұрынғы Баптарында қарастырылмаған Уағдаласушы Мемлекет резидентінің табыстарының түрлеріне тек сол Мемлекеттен ғана салық салынады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, егер мұндай табысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден алатын болса, мұндай табысқа осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

22-бап

Капитал

1. 6-бапта сөз болған, жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған, бір Уағдаласушы Мемлекет, резидентінің меншігі болып табылатын және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан капиталға осы басқа Мемлекетте салық салуға жатады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты базаға тиесілі жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалда Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті пайдаланылатын теңіз және әуе кемелері түрінде және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне осы Мемлекетте ғана салық салынады.

23-бап

ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ ЖОЮ

1. Қазақстанның резиденті болған жағдайда қосарланған салық салу былайша жойылады:

Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Чех Республикасында салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға иелік етсе, Қазақстан:

а) осындай резиденттің табысына салынатын салықтан Чех Республикасында төленген табыс салығына тең соманы шегеруге,

б) осындай резиденттің капиталына салынатын салықтан Чех Республикасында төленген капиталға салынатын салыққа тең соманы шегеруге рұқсат береді.

Мұндай шегерім мән-жайларға қарай кез келген жағдайда Чех Республикасында салық салынуы мүмкін табыстан немесе капиталдан шегерім жасалғанға дейін есептелген табысқа немесе капиталға салынатын салық сомасынан аспауға тиіс.

2. Чех Республикасының қосарланған салық салуды болдырмау туралы заңнамасының ережелеріне сәйкес, Чех Республикасының резиденті болған жағдайда қосарланған салық салу былайша жойылады:

Чех Республикасы өзінің резиденттеріне салық есептелген кезде, осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуы мүмкін табысты немесе капиталды осындай салықтар алынатын салық салынатын базаға енгізе алады, бірақ осындай салық салынатын базадан есептелген салық сомасынан Қазақстанда төленген салық сомасын шегеруге мүмкіндік береді. Алайда, мұндай шегерім осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыстан немесе капиталдан шегерім жасалғанға дейін есептелген чех салығының сомасынан аспайды.

3. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған табыс немесе капитал осы Конвенцияның кез келген ережелеріне сәйкес осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылса, осындай Уағдаласушы Мемлекет, дегенмен, осындай резиденттің

табысы мен капиталының қалған бөлігіне салынатын салық сомасын есептеу кезінде салық салудан босатылған табысы мен капиталының сомасын ескеруі мүмкін.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

24-бап

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласушы Мемлекетте нақ осындай, атап айтқанда, резиденттікке қатысты мән-жайларда екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және оған байланысты міндеттемеге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемеге ұшырамайтын болады. Осы ереже Конвенцияның 1-бабының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесіне немесе Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты базасына салық салудың осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің осындай қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарына немесе резиденттеріне салық салуға қарағанда, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте қолайлылығы кем болмайды. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасы жағдайы негізінде салық салу мақсаттары үшін ол өзінің резиденттеріне беретін осындай жеке салықтық жеңілдіктер, жеңілдетулер мен шегерімдер беруге міндеттейтіндей болып түсіндірілмеуге тиіс.

3. 9-баптың 1-тармағының, 11-баптың 7-тармағының немесе 12-баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатымен олар алғашқы аталған Мемлекеттің резидентіне төленгендегі сияқты жағдайларда шегерілуге жатқызылуы тиіс. Осы сияқты, Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне кез келген берешегі осы кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсатында алғаш аталған Мемлекеттің резидентіне берешек болғаны сияқты жағдайларда шегерілуге жатқызылуы тиіс.

4. Капиталы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара қарайтын немесе олар оны тікелей немесе жанама бақылайтын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары алғашқы аталған Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және

осыған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыр болып табылатын кез келген міндеттемелерге алғашқы аталған Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

5. Осы Баптың ережелері 2-баптың ережелерінен тәуелсіз, кез-келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қолданылады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

25-бап

Өзара келісу рәсімі

1. Егер, жақ Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеледі деп есептесе, ол осы Мемлекеттің ішкі заңдарымен көздеген қорғану құралдарына қарамастан, өз ісіне өзі резидент болып отырған Уағдаласушы Мемлекеттің немесе егер оның жағдайы 24-баптың 1-тармағына сай келсе, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарының қарауына бере алады. Өтініш Конвенцияның ережелеріне сәйкес емес салық салуға әкелетін іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар тиген күннен бастап үш жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Егер құзыретті орган, егер қойылған талаптың негізі бар деп тапса және ол өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатымен, мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Қол жеткен кез келген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарындағы қандай да болмасын уақытша шектеулерге қарамастан орындалуға тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Конвенцияны түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиыншылықтарды немесе күмәндылықты өзара келісу бойынша шешуге ұмтылатын болады. Олар, сондай-ақ Конвенциямен көзделмеген жағдайларда, қосарланған салықты жою мақсатымен бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осының алдындағы тармақтарды келісіп, түсінісуге жету мақсаттарында бір-бірімен тікелей қатынас жасауы мүмкін, бір-бірімен тікелей қатынас жасай алады. Егер келісімге жету үшін ауызша пікір алуды ұйымдастыру қажет болса, мұндай пікір алысу Уағдаласушы Мемлекеттер құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын Комиссия мәжілісінің шеңберінде болуы мүмкін.

26-бап

АҚПАРАТ АЛМАСУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтіндей шамада осы Конвенцияның ережелерін орындау немесе әкімшілендіру немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын кез келген түрдегі салықтарға қатысты ұлттық заңнаманы қолдану үшін қажетті ақпарат алмасады. Ақпарат алмасу осы Конвенцияның 1 және 2-баптарымен шектелмейді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы баптың 1-тармағына сәйкес алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып есептеледі және бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе осы баптың 1-тармағында аталған салықтарға қатысты сот қудалауымен немесе апелляцияларды қараумен де, жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қадағалаумен де айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана жария етілуі мүмкін. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде жария етуі мүмкін. Жоғарыда жазылғанға қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет алған ақпарат екі Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін және сұрау салынатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы мұндай пайдалануға келісім береді.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына және әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілендіру барысында алуға болмайтын ақпаратты ұсыну;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін жария етуі мүмкін ақпаратты немесе жария етуі мемлекеттік саясатқа (*ordre public*) қайшы келуі мүмкін ақпаратты ұсыну міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

4. Егер ақпаратты бір Уағдаласушы Мемлекет осы бапқа сәйкес сұратса, екінші Уағдаласушы Мемлекет, тіпті егер мұндай ақпарат осы екінші Уағдаласушы Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін талап етілмесе де сұратқан ақпаратты жинау бойынша шаралар қабылдайды. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 3-тармағының шектеулерінің аясында болады, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мүдделілігінің болмауы себебінен ғана ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейді.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелері банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды

ұстаушы немесе агент немесе сенімді өкіл ақпарат иесі болып табылатындығы себебінен немесе ақпараттың меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болуы себебінен ғана Уағдаласушы Мемлекетке ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейді.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.02.2016 № 453-V Заңымен.

27-бап

Дипломатиялық миссиялардың мүшелері және консульдықтардың қызметкерлері

Осы Конвенцияның ережелерінің бірде-бірі дипломатиялық миссия мүшелеріне немесе консульдықтардың қызметкерлеріне халықаралық құқықтың жалпы ережелеріне сәйкес немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салықтық жеңілдіктерді қозғамайды.

28-бап

Күшіне енуі

1. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет басқасына осы Конвенцияның күшіне ену жөніндегі конституциялық талаптар орындалғанын хабарлап отырады.

2. Конвенция 1-тармақта айтылған осы хабарламалардың соңғысын алған күннен бастап күшіне енеді және оның ережелері:

а) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін төленген немесе төлеуге тиісті сомаларға табыс көзінен алынатын салықтарға қатысты;

б) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейінгі басқа табысқа салынатын салыққа және капиталға салынатын салыққа, табысқа немесе капиталға салынатын салықтарға қатысты қолданылады.

29-бап

Конвенция әрекетінің тоқтатылуы

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күшін тоқтатқанға дейін күшінде болады. Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы Конвенция күшіне енген күннен бастап бес жыл толғаннан кейін кез-келген күнтізбелік жылдың соңына дейін

алты айға дейін оның әрекетін тоқтату туралы хабарлап, дипломатиялық арналармен Конвенцияның әрекетін тоқтата алады. Мұндай жағдайда Конвенция:

а) күшін тоқтату туралы хабар берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін төленген немесе төлеуге тиісті сомасы бойынша табыс көздерінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) күшін тоқтату туралы хабар берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейінгі кез келген салық кезеңінде табыс немесе капитал бойынша табыстарға және капиталға салынатын басқа салықтарға қатысты өзінің әрекетін тоқтатады.

Өкілдік берген төменде қол қоюшы өкілдер осыны растап, осы Конвенцияға қол қ о й д ы .

1998 жылдың 9 сәуірде Алматы қаласы екі данада, қазақ, чех, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, мәтіндердің барлығы бірдей күшке ие болып табылады. Мәтіндердің арасындағы алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болады.

Қазақстан Республикасы

Чех Республикасы

үшін

үшін

Мамандар:

О м а р б е к о в а

А . Т .

Қасымбеков Б.А.